

Турганбекова Б.Б., MSc.

Абдунурова А.А., MSc.

Халықаралық бизнес академиясы

Шетелдердегі шағын және орта бизнестің даму тәжірибесі

Шетелдегі шағын және орта бизнестің (ШОБ) даму қарқыны өте тез өсуде, өйткені осы экономикалық субъектіге көп көңіл бөлінеді: қазіргі таңда ШОБ орта класты қалыптастырады, бұл шетелдік елдердің экономикасының тұрақты дамуының базасы болып табылады. Бүгінгі таңда, дамыған шетелдік елдердегі жалпы кәсіпорындарының ішіндегі ШОБ кәсіпорындары 70-90% құрайды. Мысалы, Америка құрама штатындағы ШОБ секторында, жұмысқа қабілетті халықтың 53% жұмыс жасайды, Жапонияда -71,7%, ал Еуропа елдерінде шағын кәсіпкерлікте жұмысқа қабілетті тұрғындардың жартысы еңбек етеді. Еуропалық одаққа мүше елдерде орта бизнес кәсіпорындары, жалпы кәсіпорындар санының 1% құрағанмен, барлық кәсіпорындар айналымының 20%, тұрғындардың жұмыспен қамтылу деңгейінің 17% қамтамасыз етіп отыр. Шетелде ШОБ секторының ерекшелігі қандай? Неге шағын және орта бизнес дамыған елдердің экономикасында үлкен рөл атқарады? ШОБ қолдауда қандай мемлекеттік саясат жүргізіледі және ол қалай реттеледі? Осы және басқа да сұрақтарды, шетелдік елдердегі ШОБ даму жағдайына шолу жасап, біз осы мақалада қарастырып өтеміз [1].

Жапониядағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму деңгейі. Бүгінгі таңда, Жапония дамыған елдердің алдыңғы қатарында. Олар мұндай маңызды жетістіктерге, соғыс жылдарынан кейін, ШОБ секторы әзірлеген, техникалық жетістіктерді енгізу мен оларды жетілдіру жолымен тез экономикалық даму арқылы жетті. Қазіргі таңда, бұл жағдай біршама өзгерді: шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) ел экономикасының 40% құрағанмен, ол негізінде құрылыс, жеңіл өнеркәсіп, қызмет көрсету сферасында, ал автомобильдерді, техникалық өнімдерді шығаруда, ғылыми зерттеулермен айналысатын компаниялар мен ірі концерндер үлкен үлесін алады. Бұл жағдай, ШОБ сферасында техникалық және ғылымды қажетсінетін өндірісті дамытуды, Жапония үкіметінің қолға алуына себеп болды.

Жапонияда ШОК қызметін реттеу, Шағын кәсіпкерлікті басқару секілді, үкімет ұйымдарымен жүзеге асырылады. Осы ұйымдардың негізгі саяси бағыттары: ШОБ кәсіпорындарының монополияға қарсы заңнаманы орын-

дауын бақылау, ШОБ кәсіпорындарының мүдделерін қорғау және қамтамасыз ету, бизнес иелерінің бақылауларын шектеу, келісімді жүргізуде жауапты тапсырыс беруші мен орындаушыны анықтау және т.б. Елдің заңнамасы, ШОБ кәсіпорындарының статусын және олар үшін қызмет түріне сәйкес жеңілдіктер көлемін бекітеді. Сонымен қатар, олар шығаратын өнімдердің нарықтық құнын қатаң түрде реттеп отырады. Бұл ел үкіметіне, бағаның өсуін бақылау мен инфляциялық деңгейдің өсімін ұстап тұруға мүмкіндік береді.

ШОК субъектілерін қаржылық қолдау механизімін жеңілдету мақсатында, Жапония үкіметі, Қытай, АҚШ және тағы басқа елдердегідей ШОБ кәсіпорындарын қолдау мен дамыту үшін құрылған Мемлекеттік қорларға ұқсас, ШОБ сақтандыру Корпорациясы мен кепілдендірілген несиелер бойынша қауымдастығын құрды. Жапония үкіметі, ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өндірістің дамуына белсенді қатысатын, ШОБ субъектілерінің барлық даму кезеңдерінде, субсидиялар, қарыздар беріп отырады және несиелер алуға көмектеседі. Жапония үкіметі ШОБ кәсіпорындарына консалтинг, жарнама, кадрларды таңдау, ұйымдастырушылық көмек көрсету аясында, қызметтерді ұсыну арқылы үнемі қолдау көрсетіп отырады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, келесідей қорытынды жасауға болады, әртүрлі бизнес аясында ШОК дамыту үшін, Жапонияда жақсы жағдайлар жасалынған. Өйткені, ел үкіметі, монополияға қарсы заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету, ШОК үшін әртүрлі жеңілдіктерді бекіту, шығарылатын өнімдердің бағасын реттеу, сонымен бірге, ШОБ кәсіпорындарының барлық даму деңгейінде қаржылық және консультациялық қолдау көрсету арқылы экономикалық қарым-қатынастың дәл осы субъектісінің дамуы мен ұйымдастырылуын қатаң бақылап отырады.

Сингапур экономикасындағы ШОБ рөлі. Бүгінгі таңда, Сингапур әлемдегі жоғары дамыған елдердің қатарына кіреді. Көптеген мамандар, Сингапурды – кәсіпкерлік қызметті іс жүзіне асыру үшін ең жақсы жер деп санайды, CNN зерттеулерінің мәліметтері бойынша, ШОБ дамуы бойынша Сингапур 5-ші орынды иеленеді,

қазіргі таңда бұл елде ШОБ 140 000 субъектілері жұмыс жасайды, бұл елдегі барлық кәсіпорындар санының 90% құрайды және тұрғындардың басым көпшілігін жұмыспен қамтамасыз етеді.

Экономистер Сингапурдің экономикасы мен кәсіпкерлік қызметінің қарқынды дамуының келесідей негізгі себептерін бөліп көрсетеді, олардың қатарына төмендегі себептерді жатқызуға болады[3]:

- Сингапурдағы ШОБ негізі, әртүрлі қызметті ұсыну болып табылады: сауда-саттық, көлік, коммуникациялық, қаржылық, туристік және т.б. Бұл ел тұрғындарының басым бөлігі үшін жұмыс орындарын ұсынады;
- елдің заңнамалық актілерінде, қатаң орындалатын, бизнесті ашуда және осыған байланысты қызметтерді іс жүзіне асыруда, жағымды жағдайлар көрсетілген. ШОБ кәсіпорындары үшін ерекше жеңілдіктер, тек қана өз бизнесін енді бастағандарға есептелген.
- елдегі жағымды экономикалық жағдай мен тартымды инвестициялық климаттың болуы. Мысалы, шетелдік капитал мен инвестицияларды тартуға бағытталған, ШОК қатысты арнайы салық заңнамасында жеңілдіктер бар. Мысалы, табыстарды аударуда салық салынбайды, экономикаға салынған ақшалай қаражаттардың кепілділігі қамтамасыз етіледі және т.б.;

Сингапур үкіметі ШОК дамуына, олардың халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті қылу мақсатымен, үлкен үлесін қосады. Сингапурда ШОБ кәсіпорындарына қолдау көрсетуде, арнайы «Spring» ұйымы құрылған. Бұл ұйым, ШОБ кәсіпорындары үшін әртүрлі бағдарламаларды әзірлейді және сол бағдарламалардың іс жүзіне асырылуын, ШОБ субъектілерінің кәсіпкерлік қабілеттіліктерін дамытуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, ШОБ кәсіпорындары үшін, консультациялық қызметтерді ұсынады және бизнесті басқару үшін кадрларды дайындайды. Сонымен қатар, Сингапурда арнайы қарыздар, несиелік қауіп-қатерді сақтандыру, субсидияларды ұсыну, ШОК кадрларының біліктілігін арттыру және оқытуын қаржыландыру секілді, жеңілдік бойынша несие берудің әртүрлі бағдарламалары көп көлемде енгізілуде.

Сонымен, Сингапурда шағын және орта бизнес, қалыптасқан жағымды экономикалық жағдай, тартымды инвестициялық имидж, ШОК қолдау аймағындағы жете ойластырылған мемлекеттік саясат нәтижесінде экономиканың негізі болып табылады.

Жоғарыда шолу жасалған, шетелдегі ШОБ секторының дамуының нәтижесінде, келесідей қорытынды жасауға болады, яғни елдегі ШОБ даму деңгейі, жалпы экономиканың даму дәрежесін анықтайды. Бұл жағдайды, нарықтық экономикасы бар елдердің тарихи тәжірибесі дәлелдеп отыр. Еліміздегі шағын және орта бизнес кәсіпорындарының шығаратын өнімдері, елімізде жалпы өндірілетін өнімдердің ішінде, соңғы жеті жылда әртүрлі бағалау нәтижелері бойынша 30-33% құрап отыр, ал бұл көрсеткіш дамыған елдердің жалпы ішкі өнімінде 60% асып отыр. Осы секторда белсенді жұмыс жасайтын тұрғындардың меншік салмағы 30% құрап отыр, ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш жоғары болып табылады. Осы салыстырмалыларды ескере отырып, келесідей тұжырымдаманы айтуға болады, бізде өкінішке орай, шағын және орта бизнес, жұмыссыздықты шешетіндей әлеуметтік функцияны орындамайды, оның себептері көп. Негізгілері мыналар:

- салыстырмалы түрде нарықтық экономикаға өту периодының қысқалығы;
- ішкі нарықтың шектеулігі;
- өткізудің елеулі логистикалық шығындары;
- кәсіпкерлердің көп бөлігінің құзиреттілігінің жеткіліксіз деңгейі;

Дамыған елдердегі шағын және орта бизнес, көп жылдар бойы нарықтық экономиканың барлық - эволюциялық даму кезеңдерінен өтті. Қазақстан тәуелсіздігін алмай тұрып, Кеңес одағы құрамында жоспарлы экономика жүйесінде, мемлекеттік меншік негізінде қалыптасты. Тек соңғы жиырма жылдан астам уақыт аралығында осы сектор белсенді дамып келеді. Бұл ШОБ қарқынды дамуы үшін салыстырмалы түрде аз уақыт, егер де еліміздің басынан кешкен әртүрлі экономикалық жағдайларды ескеретін болсақ, ол да шағын және орта бизнестің дамуын тежеді.

Дегенмен, Қазақстанда жеке кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қаржылық және қаржылық емес қолдаулар көрсетіліп жатыр. Қазақстан үкіметінің бизнес климатын жақсарту бойынша жүргізіліп жатқан белсенді жұмыс нәтижесінде, соңғы алты жылда Қазақстан Әлемдік банктің бизнесті жүргізудің жеңілдік деңгейін сипаттайтын «Doing Business» рейтингінде 183 елдің ішінде, 80-ші орыннан 47 орынға көтерілді. Ал, Ресей осы рейтингте 120 орынды иеленсе, Белоруссия 69 орынды иеленді.

Бұл рейтингтің маңызды құрамдасының көрсеткіші, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің салық салу жүйесі болып табылады. Осы көрсеткіш бойынша Қазақстан 39 орынды, көршілес Ресей 105 орынды, Белоруссия 183 орынды иеленді.

Қорытындылай келе, дамыған елдердегі шағын және орта бизнес дамуының нәтижесі, еліміздің экономикасы үшін ШОБ кәсіпорындарының дамуының маңыздылығын дәлелдеп отыр. Осыған орай, экономиканың осы секто-

рына үнемі көңіл аударып, мемлекет тарапынан қаржылық, консультациялық, ұйымдастырушылық, кадрларды дайындау жағынан көмек көрсетіп отыру қажет. Сонда ғана, елімізде ШОБ қарқынды дамиды.

Әдебиеттер:

1. Малый бизнес: зарубежный опыт [Электрондық ресурс], [2012] – Қол жетімділік режимі: <http://www.mispnsk.ru/articles.html?id=45>
2. Экономика в Сингапуре: значение и роль малого предпринимательства [Электрондық ресурс], [2011] – Қол жетімділік режимі: <http://www.kreditbusiness.ru/foreignbusiness/72-jekonomika-v-singapore-znachenie-i-rol-malogo.html>
3. Роль малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан и государственные инструменты ее развития [Электрондық ресурс], [2013] – Қол жетімділік режимі: <http://www.group-global.org/publication/view/2151>